1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жұмыскерлерінің, Департаменттің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің жұмыскерлерін;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

кеден бекеттерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;

"кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекеттерінің – басқармаларының басшыларын;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы басшылардың орынбасарларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің басшыларының орынбасарларын, Департаменттің жұмыскерлерін және Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын және басшылардың орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелейу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапкершілікте болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауапкершілікте болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерінің орындауын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті туралы ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) кеден ісі саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау, салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстаудың, аударудың толықтығымен уақыттылығын қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісін, айналымын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу, оңалту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеу және бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасында Еуразиялық экономикалық одағының кедендік шекарасы арқылы өткізумен, оларды Еуразиялық экономикалық одағының бірыңғай кедендік аумағында кедендік бақылауда тасымалдаумен, уақытша сақтаумен, кедендік декларациялаумен, кедендік рәсімдерге сәйкес шығарумен және пайдаланумен, кедендік бақылау жүргізумен байланысты қатынастарды, заңнамада көзделген шектерде мемлекеттік кірістер органдары мен көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын іске асыратын тұлғалар арасындағы билік қатынастарын кедендік реттеуді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізілуіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтардың анықтау және қарау бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.";

14-тармақта:

- 2) тармақша алып тасталсын;
- 16) тармақша алып тасталсын;
- 21) тармақша алып тасталсын;

15-тармақта:

- 90), 91), 92) және 93) тармақшалар алып тасталсын;
- 95) және 96) тармақшалар алып тасталсын;

16-тармақта:

құқықтарында:

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе арасынан алуды жүргізу;";

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін тауарлар сатып алу;";

29) және 30) тармақшалар алып тасталсын;

32), 33), 34), 35), 36), 37) және 38) тармақшалар алып тасталсын; міндеттерінде:

71), 72), 73), 74) және 75) тармақшалар алып тасталсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Департаменттің басшысы мынадай өкілеттікті жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жұмыскерлерінің, Департаменттің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің жұмыскерлерін;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

кеден бекеттерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;

"кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекеттерінің – басқармаларының басшыларын;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы басшылардың орынбасарларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің басшыларының орынбасарларын, Департаменттің жұмыскерлерін және Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын және басшылардың орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапкершілікте болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауапкершілікте болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерінің орындауын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті турали ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті (бұдан әрі – Департамент) кеден ісі саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау, салықтардың, кеден және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстаудың, аударудың толықтырымен уақыттылығын қамтамасыз ету, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі өнімдерінің өндірісін, айналымын, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің және биоотынның айналымын мемлекеттік реттеу, оналту және банкроттық саласында мемлекеттік реттеу және бақылау (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасында Еуразиялық экономикалық одағының кедендейшік шекарасы арқылы өткізумен, оларды Еуразиялық экономикалық одағының бірыңғай кедендейшік аумағында кедендейшік бақылауда тасымалдаумен, уақытша сақтаумен, кедендейшік декларациялаумен, кедендейшік рәсімдерге сәйкес шығарумен және пайдаланумен, кедендейшік бақылау жүргізумен байланысты қатынастарды, заңнамада көзделген шектерде мемлекеттік кірістер органдары мен көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын іске асыратын тұлғалар арасындағы билік қатынастарын кедендейшік реттеуді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізілуіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтардың анықтау және қарау бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға үәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.";

14-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

- 16) тармақша алып тасталсын;
- 21) тармақша алып тасталсын;
- 15-тармақта:
- 90), 91), 92) және 93) тармақшалар алып тасталсын;
- 95) және 96) тармақшалар алып тасталсын;
- 16-тармақта:
- құқықтарында:
- 26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- "26) әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою немесе арасынан алууды жүргізу;";
- 28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
- "28) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін тауарлар сатып алу;";
- 29) және 30) тармақшалар алып тасталсын;
- 32), 33), 34), 35), 36), 37) және 38) тармақшалар алып тасталсын;
- міндеттерінде:
- 71), 72), 73), 74) және 75) тармақшалар алып тасталсын;
- 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- "20. Департаменттің басшысы мынадай өкілеттікті жүзеге асырады:
- 1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, жұмыскерлерінің, Департаменттің аумақтық органдары басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:
- Департаменттің жұмыскерлерін;
- аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;
- кеден бекеттерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;
- "кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекеттерінің – басқармаларының басшыларын;
- аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы басшылардың орынбасарларын лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;
- 5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің басшыларының орынбасарларын, Департаменттің жұмыскерлерін және

Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын және басшылардың орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапкершілікте болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауапкершілікте болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерінің орындауын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Заң басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмелері қазақша және орыс тілінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының басшылары заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың іске асырылуы үшін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Комитеттің Ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру басқармасы (І.С. Сейдахметов) осы бұйрықты аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік
кірістер комитетінің төрағасы

М. Сұлтанғазиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2019 жылғы 18 қантардағы
№ 30 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 7 қыркүйектегі
№ 522 бұйрығына
179-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Теренқөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Теренқөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарма, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараапы болып шығады.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte Басқарма басшысының бүйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Штат санының құрылымы мен лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың заңды мекенжайы: пошта индексі 140600, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Тереңкөл ауылы, Құдайберген Сұрағанов көшесі, 167 А.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тереңкөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілермен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатаинастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Басқарманың міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мұдделерін қамтамасыз ету;

2) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

3) өз құзыretі шегінде халықаралық актілердің, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақыттылығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Басқарманың функциялары:

1) салық заңнамасының сақталуын бақылау;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

3) Басқарма құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;

5) салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйені қолданумен электрондық қызмет көрсету;

8) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

9) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;

12) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

13) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістер (активтерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау;

14) салық міндеттемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;

15) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

16) Қазақстан Республикасы салық заңнамасымен анықталған тәртіpte жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бүйрекшін шығару;

17) Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешімдерді, сондай-ақ салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгертуден бас тарту туралы шешімдерді қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

15. Басқарманың құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және беру;

2) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы пайдалану бойынша түсіндірулер мен түсініктемелер беру;

3) сараптамалар, тексерулер мен консультациялар жүргізу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарau, олар бойынша хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдану;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

6) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың етініштерін, мәлімдемелері мен шағымдарын қарau;

7) заңнамада айқындалған жағдайларда жеке және заңды тұлғалардан, қажетті құжаттарды, белгіленген нысандар бойынша есептіліктерді ұсынуды талап ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша олардың бірлескен актілері негізінде басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;

9) тиісті уәкілетті органның сұрау салуы бойынша өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен беру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

16. Басқарманың басшылығын Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың басшысы мынадай өкілеттікі жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Басқарманың штат санының лимиті шегінде Басқарманың штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін тағайындейды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte тәртіптік жауаптылық шараларын қолданады;

- 5) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Басқарма басшыларының орынбасарларын, Басқарманың қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеген, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша дербес жауаптылықта болады;
- 8) Департаментке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;
- 9) өз құзыреті шегінде Басқарманың актілеріне қол қояды;
- 10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарма атынан шығады;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктердің жүзеге асырады.

Басқарманың басшысы болмаған кезенде, оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Басқарманың мұлқі

20. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болады.

Басқарманың мұлқі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шыгаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2019 жылғы 18 қантардағы
№ 30 бүйрекшіна

2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2016 жылғы 7 қыркүйектегі
№ 522 бұйрығына
180-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақкулы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ақкулы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін, әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы және уақыттылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарма, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болып шығады.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte Басқарма басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Штат санының құрылымы мен лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың заңды мекенжайы: пошта индексі 140700, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Аққу ауылы, Всеволод Иванов көшесі, 95.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Аққулы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілермен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Басқарманың міндеттері:

1) өкілеттіктері шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғамның және мемлекеттің заңды құқықтары мен мұдделерін қамтамасыз ету;

2) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету;

3) өз құзыretі шегінде халықаралық актілердің, Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуын және орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдерді есептеудің, ұстап қалудың және аударудың толықтығы мен уақыттылығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Басқарманың функциялары:

1) салық заңнамасының сақталуын бақылау;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және тиісті халықаралық шарттарда белгіленген тәртіpte халықаралық шарттардың ережелерін қолдану;

3) Басқарма құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл;

5) салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық бақылауды жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйені қолданумен электрондық қызмет көрсету;

8) мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

9) тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte ақпараттық жүйелер арқылы мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты Интернет-ресурсқа орналастыру;

12) хаттамалар жасау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

13) есеп жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда жанама әдістерді, міндеттемелерді, айналымды, шығындарды, шығыстарды) негізінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау;

14) салық міндеттемесінің туындауына, орындалуына және тоқтатылуына байланысты мәселелер бойынша түсіндірулерді жүзеге асыру және түсініктер беру;

15) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

16) Қазақстан Республикасы салық заңнамасымен анықталған тәртіpte жеке тұлғалардан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шыгару;

17) Қазақстан Республикасы салық заңнамасына сәйкес салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы шешімдерді, сондай-ақ салықтарды және (немесе) төлемдерді төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгертуден бас тарту туралы шешімдерді қабылдау;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

15. Басқарманың құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және беру;

2) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы пайдалану бойынша түсіндірулер мен түсініктемелер беру;

3) сараптамалар, тексерулер мен консультациялар жүргізу үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің

жеке және занды тұлғалары арасынан консультанттар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау, олар бойынша хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолдану;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыздар беру;

6) Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және занды тұлғалардың етініштерін, мәлімдемелері мен шағымдарын қарау;

7) заңнамада айқындалған жағдайларда жеке және занды тұлғалардан, қажетті құжаттарды, белгіленген нысандар бойынша есептіліктерді ұсынуды талап ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша олардың бірлескен актілері негізінде басқа мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасау;

9) тиісті уәкілетті органның сұрау салуы бойынша өзінің акпараттық жүйелерінен мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен беру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

16. Басқарманың басшылығын Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарманың басшысы мынадай өкілеттікті жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Басқарманың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Басқарманың штат санының лимиті шегінде Басқарманың штат кестесін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін тағайындейді және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte тәртіптік жауаптылық шараларын қолданады;

5) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Басқарма басшыларының орынбасарларын, Басқарманың қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, ұстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер бойынша дербес жауаптылықта болады;

8) Департаментке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Басқарманың актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарма атынан шығады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың басшысы болмаған кезенде, оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Басқарманың мүлкі

20. Басқарманың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жок.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.